

Қазақстанның өкілі болды. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің алғашқы онкүндігін ұйымдастыруға және өткізуге зор үлес қосты.

Нығмет Нұрмақов 1937 жылғы саяси қуғын-сүргіннің алғашқы құрбандарының бірі болды. Мәскеу мұрағатындағы деректер бойынша, ол 1937 жылғы 3 маусымда Мәскеудегі өз пәтерінде тұтқындалды. Оған антикеңестік бағыттағы ұлттық-пантюркистік ұйымды ұйымдастырды және басқарды деген айып тағылды. Оның тағдыры «үштіктің» шешімімен 15 минут ішінде шешілді. 1937 жылғы 27 қыркүйекте 42 жасында ату жазасына кесілді.

Нығмет Нұрмақов И. Сталин қайтыс болғаннан кейін, 1950 жылдардың екінші жартысында толық ақталды.

Бүгінде Н. Нұрмақовтың есімі Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Қарқаралы қалаларындағы көшелерге, Қарағандыдағы екі интернат мектепке берілген.

Өмірі шығармашылық қуатының шарықтау шегінде үзіліп қалған Нығмет Нұрмақов бүгінгі Қазақстан жастары үшін әділеттіліктің, принципшілдіктің, отансүйгіштіктің, туған жері мен халқын шексіз сүюдің үлгісі болып қала береді.

Биыл қазақ халқының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлттық интеллигенцияның жарқын өкілі Нығмет Нұрмақовтың туғанына 130 жыл толып отыр. Оның өмірі мен қызметі Қазақстанның XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі саяси, әлеуметтік және мәдени даму үдерістерімен тығыз байланысты. Нығмет Нұрмақов - қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінде құқықтық жүйені жетілдіру, ұлттық кадрларды даярлау, тіл мен мәдениетті дамыту, республиканың әлеуметтік-экономикалық дербестігін қамтамасыз ету бағытында айрықша еңбек еткен қайраткер.

Бүгінде Нығмет Нұрмақовтың есімі туған халқының жүрегінде мәңгі сақталады. Оның өмірі мен еңбегі – бүгінгі ұрпақ үшін Отанға адал қызмет етудің, ұлт тағдырына жауапкершілікпен қараудың жарқын үлгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нурмаков Ныгмет //inform.kz https://www.inform.kz/ru/nurmakov-nygmet_a2186812
2. Попов Ю. Каркаралинск, март 1917 года. - Индустриальная Караганда, 11 февраля 2017 г.
3. Нурмаков Ныгмет//inform.kz https://www.inform.kz/ru/nurmakov-nygmet_a2186812
4. Потомки Ныгмета Нурмакова: Он отдал свое сердце и жизнь за народ //inform.kz https://www.inform.kz/ru/potomki-nygmeta-nurmakova-on-otdal-svoe-serdce-i-zhizn-za-narod_a3275010
5. Пламенное сердце <https://nomad.su/?a=15-201507130020>

НЫҒМЕТ НҰМАҚОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Кидралиева А.Б., п.ғ.м., оқытушы
Саккулакова Ф.Д., п.ғ.м., оқытушы
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
kidralieva_a.b@mail.ru
kunaichy@mail.ru

2025 жылы 25 сәуірде қазақ халқының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, ұлт зиялысы Нығмет Нұрмақовтың туғанына 130 жыл толып отыр. Бұл айтулы мерейтой – ел тарихындағы маңызды тұлғаның өмірі мен қызметіне терең үңіліп, оның халқына сіңірген еңбегін қайта саралау үшін зор мүмкіндік. Нығмет Нұрмақов – Алаш ұрпағының азаттығы мен болашағы үшін аянбай еңбек еткен, қиын-қыстау кезеңде ел мүддесін биік қойған азамат. Ол кеңестік билік тұсында жоғары лауазымды қызметтер атқара отырып, ұлттық мүддені қорғауға күш салған санаулы тұлғалардың бірі. Білім беру

ісін дамыту, мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру және ұлттық кадрларды даярлау жолында жасаған қызметі арқылы ол өз дәуірінің көреген саясаткері ретінде танылды. Осы мерейтой аясында Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси қызметіне, ел дамуына қосқан үлесіне және тарихи мұрасына жан-жақты баға беру – бүгінгі ұрпақтың маңызды парызы.

Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақов 1895 жылы 25 сәуірде сол кездегі Семей губерниясы Қарқаралы уезі, Қу болысы Қызылшілік қыстағында (қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ поселке аймағы) дүниеге келген. Оның балалық шағы XIX – XX ғасырлардың қиылысқан тұсында, қоғамдағы ірі өзгерістер мен сілкіністер пайда бола бастаған саяси-әкімшілік орталықтарынан алыс орналасқан, шалғай ауылда өтті.

Аталған заманда патша үкіметі қазақ даласында билік орталығының бекінісін салуды ойластырып, бекінісін салуды ойластырып, болашақ округтік басқарудың мекені Қарқаралы таулы аймағы қолайлы деп табады. Сондықтан, округтің нақты орнын айқындау үшін 1824 жылы 27-ші қаңтарда Омбыдан полковник С.Б.Броневский басқарған шекара отряды келіп, қаланың қазіргі орнын белгіледі. Осы жылдан бастап Қарқаралының іргесі қаланды.

1824 жылы Семей облысының Дала генерал губернаторлығының әкімшілік-аймақтық бөлігінің орталығы Қарқаралы станциясы (кейін Қарқаралы қаласы болып белгіленеді). Осы тұста аймақтың округ орталығы Қарқаралы қаласында әкімшілік мекемелер, орыс-казак мектептері ашылып, айтарлықтай дами бастайды.

Онда ірі-ірі әлеуметтік, экономикалық қоғамдық-саяси және мәдени оқиғалар орын ала бастайды. Сонау 1824 жылы негізі қаланған Қоянды жәрмеңкесі де Ақмола мен Жетісудің ғана емес, Орта Азия, Сібір, Орал және шекаралас аймақтар көпестерінің назарын өзіне аударған үлкен сауда орталығына айналған. Сарыарқа өңіріндегі патшалық Ресейдің әскери бекінісі негізінде іргесі қаланған Қарқаралы уезі Н.Нұрмақов өміріне де әсер етпей қойған.

Міне, осының бәрі өлке мен халықтың оянуына ықпал етіп, жастарды оқу-білімге талпындырды. 1906 жылы ауылынан мектеп ашылатын болғанда Нығметтің әкесі Нұрмақ үйін соған қуана босатып берді де, көзінің оты бар ұлы Нығметті сол мектепке берді.

Зерек Нығмет бірден-ақ жолдастарының алдына түседі. Ауыл мектебін үздік бітіріп, мұғалімінің кеңесімен Қарқаралы қаласына келді. 1908 жылы Нығмет Қарқаралыдағы екі кластық орыс-казак училищесіне түседі.

«Нығмет орта бойлы, аққұба, бұйра шашты, көркем кесінді, мінезі сабырлы, кішіпейіл барынша шыншыл, сөйлескен адамын бірден өзіне тартып алатын жігіт еді» дейді оны көрген замандастары.

Мұнда сол кезде Ахмет Байтұрсынов сабақ беретін және ол осы училищенің меңгерушісі де болатын. Табиғат берген зеректік пен сирек қабілетке ие балғын жас білімге құштарлықпен ден қояды. Нығмет 1911 жылы училищені табысты аяқтады.

Сол жылы Романовтар әулетінің патша тағына отыруының 300 жылдығы қарсаңында Омбы қаласында ауылшаруашылық көрмесі өтіп, оған Қу болысының атақты байы Ақайдың Қасені де қатысады. Ол патшалыққа ұлттық дәстүрдің қыр-сырын түсіндіре білетін аудармашы, тілмаш ретінде орысша жетік білетін әрі ата жағынан туыс Нұрмақтың Нығметін ерте келеді. Нығмет терең білімі мен зеректігімен көрмені қызықтауға келген орыс зиялылары белгілі ғалым, географ Г.Потанинмен Омбыдағы мұғалімдер семинариясының қызметкері халықшыл демократ А.Сидельниковтің көзіне түседі. Олар Нығметтің Омбы семинариясына оқуға түсуіне себепші болады. Омбыдағы оқу жылдарында Н.Нұрмақов қазақ халқының тамаша ұлы С.Сейфуллинмен танысып, достасып, екеуінің одан арғы тағдырлары да ортақ болады.[1, 106.]

1911 жылы Омбы мұғалімдер семинариясына түскен Нығметпен бірге Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Саматов, Әбілқайыр Досов сияқты ірі тұлғалар оқиды. Семинарияда жас жігіттер 1912 жылы «Бірлік» деген ұйым құрып, бәрі де оның жұмысына ат салысады. Ұйымға Шәймерден Әлжанов басшылық жасайды. «Бірліктің» негізгі бағыты ағартушылық сипатта болды.

Нығмет Нұрмақов оқуды Сәкеннен бір жыл бұрын, 1915 жылы бітіріп, Қарқаралыға қайтып келеді. Сонда өзі оқыған орыс училищесінде мұғалім болады. Жиырмадағы жас жігіттің өмірге, қоғамға қатысты көзқарасы қалыптасып орындалады.

1915-1916 жж. Қарқаралыда мұғалімдік қызмет атқара жүріп, «Дала одағы» («Степной союз») ұйымын құрады.

Нығметтің азамат ретінде алғаш өз үнін білдіруі – 1916 жылғы қазақтан солдат алу туралы патшаның июнь жарлығына байланысты. Патша жарлығы бойынша мемлекеттік мекемеде жұмыс істейтін шенеуніктер, мұғалімдер әскерге шақырылмаған. Соған қарамастан «елмен бірге болайын, майдандағы жігіттердің жұмысына басшылық жасайын» деп өзі тіленіп, соғысқа кетеді. Бірақ Семейге келген соң губерниялық оқу инспекторы оны майданға жібермей алып қалады[2, 205 б.] .

Қарқаралы өңірінде Алашорданың ықпалы күшті болған. Ал Алаш қайраткерлері «Біз патша әскеріне қарсы шыға алатындай тең дәрежеде емеспіз, егер патша әскеріне қарсы шықсақ, бекерден-бекер қырылып қаламыз» деген ұстанымда болған. Сондықтан да бұл өңірде Алаш қайраткерлерінің жүргізген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде белсенді көтеріліс болмаған.

1917 жылы ақпан төңкерісінен соң патша тақтан құлап, уақытша үкімет билікке келді.

1917 жылы Кеңес үкіметі жағына шығып, Қарқаралыда, Семей губерниясында жауапты қызметтер атқарды. «Қазақ тілі» газетінің, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы, Қазақ АКСР Жоғары ревком трибуналының (1923 жылдан Жоғары Сот) төрағасы, әділет халық комиссары және республиканың прокуроры қызметтерін атқарды. 1924-1929 жж. БК (б)П Қазақстан өлкелік комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болды[3, 607 б.] .

«Уақытша үкімет тұсында Қарқаралыда ешбір тұрақты билік болмай, нағыз анархия орнады. Сол тұста мен де үш айға жуық атқару комитетінің мүшесі болғаным бар» деп жазады Нығмет Нұрмақов сол кезең жайында.

Нығмет Нұрмақов көп нәрсені түсіне алмай жүргенде Омбыда өзіне сабақ берген ұстазы Евгений Полюдов деген большевиктен хат алады. Нығметтің шыққан тегі кедей ғой. Ұстазының большевиктер туралы жазғаны көңілінен шықса керек, 1918 жылы Нығмет біртіндеп большевиктерге қарай бет бұра бастайды. 1918 жылы Қарқаралыда Жұмысшы-шаруа кеңесі құрған Депутаттар кеңесінің төралқа мүшесі және хатшысы болып сайланады. Сол жылы кеңес құрамына енген казактар мен ақ гвардия әскерлерлері төңкеріс жасап, Қарқаралыдағы Кеңес үкіметін құлатады. Ақтар кеңес мүшелерін түрмеге жабады. Оның ішінде Нығмет Нұрмақов, атақты әнші-композитор Мәди Бәпиұлы, Жақып Ақбаевтың ағасы Ыбырай Ақбаев та бар.

1919 жылы желтоқсан айында Радченко бастаған казактар полкі бұларды ақтардың түрмесінен босатады. Нығмет ауылына барып, Ақайдың Хасенінің көмегімен ақтардан жасырынады. Хасен бай тек Нығметті ғана емес, Әбілқайыр Досов, Жанайдар Сәдуақасов, Мұхтар Саматов, Жұмажан Тәттібаевтардың да жасырынуына көмектеседі. Осы оқиғалардан кейін Нығмет Нұрмақов ойлана келе біржола большевиктерге қарай өтеді. 1920 жылы 16 наурызда Қарқаралы уездік партия ұйымында большевиктер партиясына қабылданады.

Осы уақыттан бастап Нығмет Нұрмақов өмірінің соңына дейін Кеңес өкіметіне қызмет етті[2, 207 б.] .

Кеңестік Қазақстанның заңын қалыптастыру бағытындағы алғашқы маңызды жұмыстарының бірі прокуратура және сот құрылысы туралы заң ережелерін қабылдау, сот тергеу органдарында қазақ тілінде іс жүргізуді және осы салаға қажетті мамандар даярлау курстарын ашу болды. Оның осы бағыттағы елеулі жұмыстары жайлы бүгінгі нығметтанушылардың бірі, тарихшы-ғалым Болат Қабдөшев архивтік құжаттарға сүйене отырып, былай деп жазады: «... Нығмет Нұрмақов өлкелік заң курсына тікелей басшылық жасап отырған. Ол курстың ашылу рәсімінен бастап, алғашқы түлектердің сәтті оқып бітіруіне дейін үздіксіз қамқорлық көрсетті. Оның бекітуімен тыңдаушыларға лекция оқитын оқытушылардың құрамы анықталды. Алғашқылардың қатарында Заң комиссариатының

бөлім меңгерушілері С. Қадырбаев, Н.П. Покрывалов, Жоғарғы Сот төрағасының орынбасары М.П. Атаянц, кассациялық алқа төрағасы М.Н. Демме болса, кейін Жоғарғы сот төрағасы М. Атаниязов, Заң комиссарының орынбасары С.В. Лызлов, прокурорлар С. Доманский, А.С. Грищенко, Петровых, Насонов, төрелік комиссияның төрағасы А.К. Горячев сияқты Заң комиссариатында жауапты жұмыс атқаратын қызметкерлер сабақ берген». Мұндай мамандарды оқу үрдісіне тартуы Н. Нұрмақовтың білім беру саласында тәжірибесі бар білікті адамдар сабақ беруі арқылы теория мен тәжірибені біріктіре отырып, кадр дайындау мәселесінде бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселемен үндесіп жатыр[4, 46 б.].

1924 жылы Қазақ АКСР-і астанасын Орынбордан Қызылордаға, ал 1929 жылы Алматыға көшіру туралы шешімдерді қабылдауға тікелей қатынасып, ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Ол еліміздің тұңғыш конституциясы жобасын әзірлеу комиссиясының мүшесі, қазақ әліпбиін құрастыру комиссиясының төрағасы болды. Алғашқы қазақ драма театрын ашуға үлкен еңбек сіңірді[3, 607 б.].

1925 жылдың күзінде Қазақстанға өлкелік партия комитетінің басшысы болып Филипп Голощекин келеді. Голощекин мен Нұрмақов екеуі де көп айтысқан. Әрине, Голощекин келе салысымен ешкімге бірден бас салған жоқ. Бірақ жан-жағына қарап, бір жылдай зерттеген соң, біртіндеп өзінің саясатын жүргізе бастайды. Соның ішінде ең бірінші Нұрмақовтың біраз жылдан бері жобалап, дайындаған жұмысы – қазақтарды жерге орналастыру, шаруашылығын дамыту мәселесіне қарсы шығады. Голощекин мен Нұрмақовтың арасында талас тудырған үлкен айтыстың бірі осы. Нұрмақов: «Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту керек, егін шаруашылығымен айналысуға Қазақстанның климаты мүмкіндік бермейді», - дейді. Ал ел экономикасын дамытып, аяғына тік тұрғызу үшін кем дегенде он жыл ешкімді Қазақстан аумағына сырттан қоныстандырмай, уақыт беруін сұрайды. Нұрмақовтың бұл ұсынысына Голощекин тікелей қарсы шықты. Ол тіпті «Нұрмақов бастаған топ орыстарды (бұрынғы переселендер) қазақ жерінен қуу саясатын ұстанып отыр» деп Нұрмақовты айыптады. Жалпы, Голощекин Қазақстанға келіп орнығып алған соң, алдымен Сұлтанбек Қожановтан құтылды, сосын Смағұл Сәдуақасов, Жалау Мыңбаевтарды кетірді. Содан кейін барып Нығмет Нұрмақовтың соңына түсті.

1927 жылдың желтоқсан айында өткен өлкелік партия комитетінің мәжілісінде Н.Нұрмақов тағы да жер мәселесін жан-жақты салмақтап талқылауды ұсынды. Қалыптасқан жағдайларға байланысты жер мәселесінде ұлттық мүддені көздеген ойларын ортаға салып, оны жүзеге асырудың жолдарын айтты. Сөз соңында Голощекинмен тағы да бетпе бет айтысып қалды. Екеуінің арасында қандай айтыстар болғанын көз алдымызға елестету үшін стенограммадан аздаған үзінді келтірейік:

Голощекин: Тағы да келісе алмасақ не істейміз?

Нұрмақов: Келісе алмасақ, шешетін жоғары органдар бар.

Голощекин: (Залды көрсетіп). Міне, жоғары орган!

Нұрмақов: Мүмкін, сіз мені сауатсыз деп ойлатын шығарсыз, бірақ мен партия жарғысын білемін. Жоғары орган – конференция, одан әрі Орталық комитет, содан соң партия съезі, сол сияқты Коминтернге дейін жетуге болады...[2, 214 б.].

1928 жылы ВКП (б)-ның XV съезі елімізде коллективтендіру саясатын іс жүзіне асырудағы тарихи съезд болды. Соның қарсаңында 24-26 қарашада Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 13-шақыруы бойынша өткен 3 сессияда Нығмет Нұрмақов қосымша баяндама жасады.

Ең ірі мәселелерге делегаттардың назарын аударып, қазақ халқының болашақ тағдырын, саяси-экономикасын, мәдени дәрежесін көтеру күн тәртібінен түспейтін мәселе деді және алдыңғы баяндамашылардың Қазақстанға деген көзқарастары әрқилы екенін жасқанбай атты. Енді сол жасалған баяндаманың кіріспе бөлімінен Нығмет Нұрмақов өзі сөйлеген орыс тілінде шағын үзінді келтірейік:

Товарищи! В мою задачу входит доложить сессии ВЦИК о деятельности Казахстана в области культурного и хозяйственного строительства республики. Каждый из вас, я думаю в

достаточной мере знаком с положением казахского народа в дореволюционное время, тем более, что тов.Ерназаров председатель ЦИК Казахской Республики на этой стороне останавливался особенно подробно. Я не буду отнимать у вас время повторением этой истории. Укажу только на один момент. В жалованной грамоте императрицы Анны Иоановны о принятии казахского (киргизского) народа в русское подданство было сказано так: служить и платить ясак, пользоваться защитой от обид и разорений как от русских поданных, так и от других неприятелей.

А в действительности казахский народ, вместо обещанной защиты от обид и разорений, терпел от царского правительства исключительно только обиды и разорения.

В результате почти 200-летней колониальной политики царского правительства, в результате общей задержки развития производительных сил Казахского края вызванной его колониальным положением, - в ауле еще сохранились старые полудикие формы хозяйства и полудикий культурный уровень казахского населения. Минувшие 6 лет правительству Казахстана приходилось работать в направлении ликвидации этого проклятого наследства, доставшегося нам от царского правительства.

Сол сессияда Нығметтен бұрынырақ сөйлеген баяндамашы: «Қазақстан территория жағынан тым үлкен, елі көшпенді, сондықтан оның шаруашылығын көтеруге шамасы жетпейді» - дейді. Соған байланысты Нығмет: Многие из наших соседей, полагая, что Казахстан тяготеет громадными размерами своей территории, часто покушаются на отдельные ее части: нельзя ли, мол-Саратову, Сибири или кому-либо другому – отрезать от Казахстана ту или иную часть и присоединить к себе. Но мы и клочка от своей территории не намерены никому уступать, так как не сами по себе размеры казахстанской территории представляют трудности в нашей работе.

Трудности заключаются в том, что наша огромная территория не организована, не устроена. Представьте себе необъятную территорию, где на тысячу квадратных километров приходится только один километр железнодорожной линии, где нет никаких других дорог и где средством сообщения и связи являются только верблюды-все это предоставит большие трудности для любого правительства... Царское правительство строило у нас города исключительно по окраинам, в виде военных крепостей, а ближе к середине Казахстана нет почти ни одного культурного центра, ни одного города. Такое положение представляет собою большую трудность для правительства Казахстана во всей его работе.(Нығмет Нурмаков. Строительство Казахстана. Книга 24-26 ноября 1928 г., стр. 3-5)

Осы келтірілген деректердің өте мазмұнды, саяси идеясы терең айтылған фактілер арқылы Нығмет Нұрмақовтың жалынды патриот, берік қалыптасқан интернационалист екенін көруге болады. Нығмет Нұрмақов кеңесте қызмет атқарып жүргенде ВЦИК-тің съездерінде, пленумдарында Қазақстан территориясының қара топырақты аудандарын астықты өлкеге айналдырып, оларды техникаландыру үшін ауыр индустрияны жедел дамыту, ауылды жерлердің мәдениетін, экономикалық жоғарғы дәрежеге көтеру керектігін мәселе етіп қояды. Жаппай сауатсыздықты жою, қазақ интеллигенциясын көбейту, жастарға мамандық меңгерту, қала мен ауылдың әлеуметтік жағдайын байланыстыру мәселесін бірде бір съезд, пленумдардың күн тәртібінен түспеуін талап етті[5, 37 б.].

Кәмпеске туралы қаулы қабылданған кезде Нығмет Нұрмақов өзінің жасаған бүкіл бағдарламалық жобаларының тас-талқаны шыққанын түсінді. Осы мәселені Орталық биліктің алдына қою үшін Мәскеуге дейін барды. Бірақ Нұрмақовтың қолынан ештеңе келмейді, кәмпеске жүретін болады. Мәскеуде кәмпеске мәселесіне байланысты өткен, Сталиннің өзі қатысқан жиында Нығмет Нұрмақов үкімет төрағасы ретінде баяндамасын жасап, бірақ жеке өз басының бұл науқанға қарсы екендігін ашып айтады. Бұны маған белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелді айтып берген.

Нұрмақов пен Голощекиннің арасындағы айтыстың бірі кәмпескеге байланысты екенін айттық қой. Негізі, кәмпеске басталардың алдында Нығмет Нұрмақов қызметінен кетуге бел байлаған деген сөз бар. Совнарком төрағасы қызметінен өз еркімен кету жөнінде арыз жазған көрінеді. Бірақ оның өтінішін Мәскеу қабылдамайды. Бұл да Голощекиннің арам

саясаты болса керек, кәмпеске науқанын Голощекин Нұрмақовтың қолымен жүзеге асырды. Содан кейін барып Нұрмақовтың арызын қабылдап, оны Мәскеуге шақыртып алған[2, 215 б.].

Тәркілеу науқаны өткен соң, 1929 жылдың 31 қаңтарында екі аптаға демалыс сұрайды. Сол жолы Мәскеуге барғанында шамасы Рысқұловқа жолығып, алдағы ұстанымы мен қызметі туралы сөйлескен болуы керек. Өйткені Голощекиннің жанында жүріп, бәрібір опа таппайтынын түсінді. Мәскеуден қайтып келген соң, 28 ақпанда өткен Крайкомның бюро мәжілісінде ВЦИК жанындағы марксизм-ленинизм курсына оқуға баруы туралы БК (б)П Орталық комитетінің шешіміне байланысты қызметтен кететіні жөнінде өтініш білдіреді. Осы мәселені Крайкомның алдына қойған кезде Голощекин өзінің мақсатының жүзеге асқанын білгендіктен, Нұрмақовтың қызметтен кету туралы арызына «ешқандай қарсылығым жоқ» деп қол қойып берген. Нұрмақов кеткен соң оның орнына Ораз Исаев Совнарком төрағасы болды.

1929 жылдан 1931 жылдың наурызына дейін Мәскеуде марксизм-ленинизм курсының тыңдаушысы болып, курсты тәмамдаған соң ВЦИК (Бүкілодақтық Орталық атқару комитеті) жанындағы Орталық сайлау комитетінің төрағасы әрі ВЦИК Президиумы хатшысының орынбасары, аз ұлттар жөніндегі бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады. Яғни Бүкілодақтық староста М.Калининнің қасында болды.

НКВД қызметкерлері Н.Нұрмақовты 1937 жылы 3 маусым күні Мәскеуде жұмыс орнында тұтқындапты. Жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызы: «Нығметті Мәскеуде 1937 жылы ВЦИК-тегі жұмысынан ұстады. Түнгі сағат төртте НКВД-ның төрт адамы келіп, үйдің астан-кестенін шығарды. Неніздеп жүргенін қайдаң білейін. Әйтеуір ақтарып шығу олардың міндеті сияқты. Қорқып кеттік. Оның үстіне зобалаңның нағыз күшіне кіріп тұрған уақыты. Күніне бәленше адам ұсталыпты деген алыпқашпасөз еститінбіз. Көршіміз маршал Тухаческийді де ұстап әкетіп еді», деп еске алады. Тінтуді жүргізген НКВД қызметкерлерінің бірі Низенбергтің жасаған тізімдемесі бойынша бар болғаны Нығмет Нұрмақовтың өкімет тарапынан сыйға тартылған наградалары - «Зауэр» винтовкасы, «Маузер» тапаншасы, аңшы мылтықтары және т.б. тәркіленген.

3 маусым күні толтырылған кінә тағу қарарында «пантюрист» деген бір-ақ сөз жазылыпты. 1937 жылдың 17 маусымында алғаш рет Н.Нұрмақовтан жауап алынған. «Сіз контрреволюциялық ұйымда болғаныңызды мойындайсыз ба?» деген сұраққа Н.Нұрмақов: «Ешқашан кірген емеспін», - деп жауап берген.

О.Исаевтың дем беруінің кесірінен Н.Нұрмақовтың туған жері Қарағанды облысында бір топ басшыларды «жаумен байлағыста болды» деп айыптады. Яғни Нұрмақовтың тәкелей басшылығымен Қарқаралы округінде, кейін бүкіл Қарағанды облысында құрамында Асылбеков, Нұрсейітов, Гатауллин, Избасаров, Ордабаев, Шамсутдинов және т.б. бар контрреволюциялық, ұлттық-фашистік, зиянкестік ұйымы 1934 жылдан бері әрекет жасап, қарулы көтеріліс арқылы Совет үкіметінен құлатуды мақсат етіп қойды деп айыпталған[2, 219 б.].

1928 жылы оның саяси әлеуметтік тақырыптарға арналған мақалалар жинағы «Строительство Казахстана» деген атпен және 1934 жылы Мәскеуде «Состояние и задачи работы среди национальных меньшинств РСФСР» деп аталатын еңбектері жарық көрген[3, 607 б.].

Қарағанды облысының мемлекеттік архивінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың жеке текті қоры бар.

Нығмет Нұрмақовтың жеке қоры – 1895–2020 жылдар аралығын қамтитын шамамен 100 істен тұрады. Бұл құжаттар жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызы мен оның жиен немере інісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты хирург Аман Жәлелұлы Нұрмақовтың жинақтауымен Қарағанды облысының архивінде сақтаулы тұр.

Н.Нұрмақовтың архиві – өмірбаяндық сипаттағы құжаттар кешені. Мұнда аудиовизуалды материалдар, туыстары жинаған тақырыптық деректер, сондай-ақ Н. Нұрмақовтың есімін есте қалдырарлық құжаттар бар. Құжаттар бірнеше бөлімге жіктелген.

Ең ауқымдысы – «Өмірбаянға қатысты құжаттар» бөлімі. Бұл бөлімде сирек әрі түпнұсқа немесе сканерленген көшірмелерде ұсынылған архивтік анықтамалар қамтылған.

Мысалы, КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) Орталық архивінен алынған анықтамада 1937 жылғы 3 маусымдағы Нығмет Нұрмақовтың Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің (БОАК) Президиумының мүшесі және Ұлт істері бөлімінің меңгерушісі болғаны, Мәскеу қаласы, Серафимович көшесі, №2, пәтер 243 мекенжайында жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызы, ұлы Ноян және қыздары Тамара мен Таскенмен бірге тұрғаны көрсетілген. Сонымен қатар, ҚазАКСР-ның ОАК және ХКК құжаттарындағы деректерде Нұрмақовтың 1921 жылдан бастап жауапты мемлекеттік қызметтерді атқарғаны анықталған.

Құжаттар арасында НКВД-ның ордері, тұтқындалған адамның сауалнамасы, айыптау қорытындысы, үкім мен допрос хаттамалары, 1937 жылғы 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы сотының Әскери алқасы шығарған өлім жазасына кесу туралы үкім, және осы үкімнің сол күні орындалғаны туралы актінің көшірмелері де бар. 1956 жылы Н.Нұрмақовтың есімі ақталып, оның жұбайы З.Ы.Нұрмақоваға ресми түрде бұл туралы хабарланған.

Архивте сондай-ақ Нұрмақовтың өмірінің әртүрлі кезеңдеріне қатысты фотосуреттер, мысалы, 1936 жылы Мәскеуде әйелі мен балаларымен бірге түскен суреті, И.В.Сталинмен және М.И.Калининмен, С. М. Будённыймен бірге болған тарихи суреттер сақталған. Сонымен қатар, әйгілі қайраткерлердің әйелдерімен бірге түскен фотолар, Зүпнүн Ыбырайқызының лагерьден кейінгі өмірі туралы фотодеректер бар.

«Н. Нұрмақовтың туыстарының құжаттары» бөлімінде оның әкесі Таукебаев Нұрма мен ұлы Ноянға қатысты құнды деректер қамтылған. Әкесі 1937 жылы «халық жауының» әкесі ретінде атылып, кейін 2004 және 2015 жылдары ресми түрде ақталған. Ұлы Ноян Нығметұлы соғыс ардагері ретінде Сталинград үшін шайқасқа, Прага мен Белгородты азат етуге қатысып, соғыстан кейін өмірін ғылымға арнаған. «Халық жауының баласы» ретінде талай қиындық көрсе де, ата-анасынан бас тартпай, адал ғұмыр кешті.

«Қор құрушы туралы құжаттар» бөлімінде ҚР Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 19 желтоқсандағы №1424 қаулысы бар. Онда Н. Нұрмақовтың есімін мәңгі есте қалдыру бойынша бірқатар шаралар белгіленген: Қарағанды қаласында көше атауын беру, мемориалдық тақта орнату, ғылыми конференция өткізу және т.б. Осы қаулы негізінде 1995 жылы Қарағандыда оның 100 жылдығына арналған конференция өткізіліп, есімі білім беру мекемелеріне берілді [6, 35 б.].

2010 жылы Мәскеудегі Дон зиратында көрнекті қайраткерлер Әлихан Бөкейхан мен Нығмет Нұрмақовтың қабіріне, Қазақстан халқы атынан Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ректоры, заң ғылымының докторы, профессор Н.О.Дулатбековтің бастамасымен ескерткіш қойылды.

Осылайша, Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің жеке қорлар бөліміндегі бұл архивтік құжаттар Қазақстанның Ұлттық архив қорын құнды тарихи деректермен толықтырды. Біздің басты міндетіміз – тоталитарлық жүйенің қанды кезеңдерін, сол жылдары жазықсыз жазаланған тұлғалардың тағдырын келешек ұрпаққа аманаттау. Нығмет Нұрмақов – сондай қайраткерлердің бірі, ол – ұлттық рух пен мақтаныштың символы.

Нығмет Нұрмақов – қазақ халқының XX ғасырдағы тағдыры күрделі тарихи кезеңінде ел мүддесін бәрінен биік қойған, ұлттың болашағы үшін аянбай еңбек еткен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Оның өмір жолы – білімге, әділетке, тәуелсіздік пен ұлттық мүддеге адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Ол кеңестік билік жүйесінде жоғары лауазымды қызметтер атқара жүріп, қазақ халқының құқығы мен болашағын қорғауға ұмтылды.

Алайда сталиндік репрессияның зұлматы Нұрмақовты да айналып өтпеді. Жалған саяси айыптаулармен 1937 жылы ату жазасына кесіліп, тағдыры қасіретті жағдайда үзілді. Бірақ әділет ақыры жеңді – ол 1956 жылы ресми түрде ақталып, есімі халқына қайтарылды. Бүгінде оның есімі ел есінде мәңгі сақталып келеді: туған өлкесінде көшелер мен мектептерге аты берілген, ғылыми еңбектер жазылып, тарихи әділеттілік орнады.

Қарағанды облысының мемлекеттік архивінде Н.Нұрмақовқа арналған жеке қордың ашылуы – ұлт жадысының жаңғыруының, тарихи шындықтың қалпына келуінің бір жарқын

көрінісі. Бұл құжаттар – тек бір адамның ғана емес, бүтін бір дәуірдің, ұлт тарихының айнасы.

Нығмет Нұрмақовтың өмірі мен қызметі – еліміздің тарихындағы рухани биіктік пен азаматтық ерліктің шынайы символы. Оның есімі – әділдікке, білім мен халыққа адал қызмет етуге ұмтылған әрбір азамат үшін үлгі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Қаппасова. Нығмет Нұрмақов – аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері: оқу құралы. -Қарағанды: 2015. – 157 б.
2. Р.Үркімбаев. Ел үшін еміренгендер: публистикалық мақалалар. -Алматы: Нұрсәт, 2016. - 379 б.
3. Б.Аяған, М.Қойгелдиев. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2006 – 768 б.
4. Н.А.Бейсенбекова, Г.М.Смағұлова, Л.К.Шотбакова. Н.Нұрмақов – тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау: монография. -Қарағанды: Гласир, 2020. -213 б.
5. Б.Н.Нәсенов. Абыралы – Сарыарқаның кіндігі. -Алматы; Новосибирск: 2006.- 827 б.
6. Тұрсынова Ж. Немеркнушее имя // Мысль. – 2020. - № 6. –Б.30-35

Н. НҰРМАҚОВ - ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ҚҰРБАНЫ

Қабдөшев Б.Ж., т.ғ.к., доцент

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті
Алматы қ., Қазақстан

1936 жылы жазда Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің тұңғыш 10 күндігі өтіп жатты. Бұл шаттық пен қуанышқа толы сәттерді тамашалаған қазақ қайраткерлерінің, өнер адамдарының жаппай қуғын-сүргін қарсаңындағы соңғы бас қосуы еді. Олар тура бір жылдан соң басым көпшілігінің жау атанып, адам басына бермес азаппен жарық дүниемен қоштасатынын сезген де жоқ. Осындай ресми той-думанға Н.Нұрмақов Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің өкілі ретінде емес, бар жан-тәнімен ұлтын сүйетін ел азаматы ретінде жұбайы Зүпнүн Ыбырайқызымен әр шаралардың бас-аяғын қалдырмай қатысумен болды. Көзі көргендердің айтуынша, Нығмет Нұрмақов алған әсері жайлы сол кезде Францияда іссапармен жүрген Левон Мирзоянға хабарлаумен болыпты [1]. Бір жағынан, 1932-33 жылдардың нәубетінен аман қалған елдің есін жиып, өзді-өзіне келе бастаған шағы. Жұртының осылайша жадырағанын көріп шүкіршілік еткен Нығмет Нұрмақов, келген қонақтардан үнемі елдің жағдайын сұраумен болыпты. Осылайша жазылған естеліктер оның өмірінің соңында елімен сағынысып, қауышқан сәттерін айрықша бейнелейді.

Көп кешікпей, ызғарлы 1937 жыл келді. Өмірі қылға ілінген миллиондаған адамдардың тағдыры әлемтапырық болып, бірі атылып, бірі тозаққа тасталып жатты. Сталиндік қолшоқпарларға Қазақстанда кең көлемде айыптау науқандарын ұйымдастыру үшін ірі тұлғалардың есімдері қажет болатын. Біздің пайымдауымызша, Мәскеудегі қазақ қайраткерлерінің қатарында оңтайлысының бірі Н.Нұрмақов болғандықтан оны айыптау ісі бірінші кезекке қойылды. Оңтайлысы дегеніміздің мәні мынада: біріншіден, кешегі Қазақстан үкіметін ұзақ жылдар басқарған басшы Н.Нұрмақовтың Мәскеуде билік басында отырса да, үкімет мүшелері арасында ықпалы әлі де сақталып қалды. Ендеше ел азаматтарымен терең байланысы бар Н.Нұрмақовтың басын тігу арқылы істі ұйымдастырушыларға онымен кеше ғана үкімет құрамында қызмет атқарған қазақ қайраткерлерін түгелдей байланыстырып, біріктіріп жіберуіне болатын. Екіншіден, оның Қазақстанда Халком Кеңесінің төрағасы болған жылдарындағы қызметі негізге алынды яғни